

Соглашение
о взаимном сотрудничестве между
акиматом Костанайской области и Республиканским общественным
объединением «Общенациональное движение против коррупции
«ЖАҢАРУ»

Настоящее Соглашение о взаимном сотрудничестве (далее – Соглашение) составлено и подписано «30» марта 2015 года:

Акимат Костанайской области в лице акима Костанайской области Садуакасова Нуралы Мустафиновича, действующего на основании Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года №148 «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», с одной стороны, и Республиканское общественное объединение «Общенациональное движение против коррупции «ЖАҢАРУ» (далее – Объединение) в лице Председателя Абдыкаримова Оралбая Абдыкаримовича, действующего на основании Устава Объединения, с другой стороны, далее именуемые «Стороны»:

- всесторонне поддерживая инициативы Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева по бескомпромиссной борьбе со всеми формами проявления коррупции;
- будучи обеспокоены коррупционными вызовами, которые несут серьезные угрозы эффективному социально-экономическому развитию государства;
- позитивно оценивая системные меры, принимаемые Казахстаном по противодействию коррупции;
- учитывая, что преодоление глобальных коррупционных угроз возможно при активизации участия в этом институты гражданского общества и населения;
- будучи готовы активно содействовать формированию целостной системы правовых, общественно-политических, социально-экономических мер, направленных на укрепление и развитие демократических институтов, устраняющих условия и причины образования коррупции, заключили настоящее Соглашение о нижеследующем.

Статья 1

Целями настоящего Соглашения являются:

- а) объединение общих усилий в вопросах противодействия коррупции;
- б) повышение у граждан чувства сопричастности к проводимым в стране мерам по борьбе со всеми формами проявления коррупции;
- в) усиление взаимодействия, осуществление тесного партнерства в формировании антикоррупционной культуры казахстанского общества.

Статья 2

Стороны, исходя из своих целей и задач:

- принимают участие в проведении единой государственной антикоррупционной политики;
- способствуют утверждению социальной справедливости в обществе, снятию не предусмотренных законодательством Республики Казахстан барьеров или ограничений прав граждан, юридических лиц на предпринимательскую деятельность и получение качественных государственных услуг;
- проводят целенаправленную информационно-агитационную работу, раскрывающую суть антикоррупционной политики Главы государства. В качестве диалоговой площадки для этой работы могут выступать СМИ, интернет-ресурсы, телевизионные передачи, молодежные ток-шоу и др.;
- выпускают и распространяют литературу, брошюры, другую печатную, аудио- и видеопродукцию, в соответствии с целями, указанными в настоящем Соглашении;
- проводят мероприятия, способствующие созданию атмосферы нетерпимости ко всем проявлениям коррупции и другим антиобщественным явлениям;
- принимают участие в формировании активной гражданской позиции, лучшей модели поведения, а также в правовом и нравственном воспитании граждан, исключая формирование коррупционных предпосылок;
- вырабатывают другие консолидированные формы и методы работы.

Статья 3

В целях реализации настоящего Соглашения, Стороны намерены:

- проводить акции и другие мероприятия, направленные на воспитание подрастающего поколения страны в духе уважения к Конституции Республики Казахстан и законам нашего государства;
- активно содействовать формированию и продвижению инициатив Лидера нации, Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева, направленных на искоренение коррупции, как социального явления;
- проводить совместный мониторинг реализации антикризисной программы в регионе и общественный контроль за целевым, эффективным использованием средств республиканского и местного бюджетов;
- обмениваться информацией, вытекающей из целей и задач настоящего Соглашения.

Статья 4


1. Соглашение вступает в силу со дня его подписания.

2. Изменения и дополнения в настоящее Соглашение могут быть внесены только с письменного согласия Сторон.

3. Сторона может выйти из Соглашения путем направления письменного уведомления другой Стороне и считается выбывшей по истечении 30 (тридцати) календарных дней со дня отправления такого уведомления другой Стороне.

4. Настоящее Соглашение составлено в двух экземплярах, каждый из которых на казахском и русском языках, по одному экземпляру для каждой Стороны.

Аким
Костанайской области



Н. Садуакасов

Председатель РОО
«Общенациональное движение
против коррупции «ЖАНАРУ»



О. Абылғаримов

Қостанай облысының әкімдігі
мен «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық
қозғалысы» Республикалық қоғамдық бірлестігі арасындағы өзара
ынтымақтастық туралы
Келісім

Осы Өзара ынтымақтастық туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) 2015 жылғы «30» наурызда жасалды және қол қойылды.

Қостанай облысының әкімдігі, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы» №148 Заңы негізінде әрекет етуші Қостанай облысының әкімі Нұралы Мұстафаұлы Сәдуақасов тұлғасында, бірінші жақтан, және «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» Республикалық қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – Бірлестік), Бірлестіктің Жарғысы негізінде әрекет етуші Төрағасы Оралбай Әбдікәрімұлы Әбдікәрімов тұлғасында, екінші жақтан, бұдан әрі «Тараптар» деп аталып:

- Қазақстан Республикасының Президенті Н.А.Назарбаевтың сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністерімен ымырасыз күрес жүргізу жөніндегі бастамасын жан-жақты қолдай отырып;

- сыбайлас жемқорлық көріністерінің мемлекеттің тиімді әлеуметтік-экономикалық даму жолына төндіретін қауіп-қатеріне алаңдаушылық таныта отырып;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша Қазақстанда қабылданып жатқан жүйелі шараларға оң баға бере отырып;

- ғаламдық сыбайлас жемқорлықтың қауіп-қатерін еңсеру азаматтық қоғам институттары мен барша халықтың қатысуын жандандырған кезде мүмкін болатынын ескере отырып;

- алдағы уақытта сыбайлас жемқорлықтың пайда болу жағдайлары мен себептерін жоятын демократиялық институттарды нығайтуға және дамытуға бағытталған құқықтық, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық іс-шаралардың тұтас жүйесін қалыптастыруға белсенді түрде атсалысуға бел буа отырып, төмендегілер туралы осы Келісімді жасасты.

1 Бап

Осы Келісімнің мақсаттары мыналар болып табылады:

а) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу мәселелерінде ортақ күш-жігерді біріктіру;

б) сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністерімен күрес жүргізу бойынша ел ішінде қабылданып жатқан іс-шараларға азаматтардың ортақтасу сезімін арттыру;

в) қазақстандық қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруда өзара іс-қимылды күшейту, тығыз серіктестікті іске асыру.

2 Бап

Тараптар өздерінің мақсаттары мен міндеттерін негізге ала отырып:

- бірыңғай мемлекеттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жүргізуге қатысады;

- қоғамда әлеуметтік әділеттілік нығаюына, азаматтар мен заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру және сапалы мемлекеттік қызметтерді алу құқықтарына қойылған Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген тосқауылдар немесе шектеулердің алынып тасталуына ықпал етеді;

- Мемлекет басшысының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының мәнін ашатын мақсатты ақпараттық-үгіт жұмыстарын жүргізеді. Осы жұмыс үшін БАҚ, ғаламтор ресурстары, теледидар бағдарламалар, жастарға арналған ток-шоулар және т.б. диалог алаңы бола алады;

- осы Келісімде көрсетілген мақсаттарға сәйкес әдебиет, брошюралар, басқа да баспа, аудио және бейне өнімдерін шығарады және таратады;

- сыбайлас жемқорлық көріністеріне және қоғамға қарсы басқа да көріністерге төзімсіздік ахуалын қалыптастыруға ықпал ететін іс-шараларды бірлесіп өткізеді;

- белсенді азаматтық ұстанымды, ең жақсы мінез-құлық үлгісін қалыптастыруға, сондай-ақ азаматтарды сыбайлас жемқорлық алғышарттарының қалыптасуын болдырмайтын құқықтық және адамгершілік рухта тәрбиелеуге қатысады;

- жұмыстың басқа да шоғырландырылған нысандары мен әдістерін әзірлейді.

3 Бап

Осы Келісімді іске асыру мақсатында Тараптар:

- өскелең ұрпақты Қазақстан Республикасы Конституциясын және мемлекетіміздің заңдарын құрметтеу рухында тәрбиелеуге бағытталған акциялар мен басқа да іс-шаралар өткізуге;

- әлеуметтік құбылыс ретінде сыбайлас жемқорлықты жоюға бағытталған Елбасы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.А. Назарбаевтың бастамаларын қалыптастыруға және оларды ілгерілетуге белсенді түрде атсалысуға;


- дағдарысқа қарсы бағдарламаның аймақтағы орындалуына бірлесіп мониторинг және республикалық, жергілікті бюджеттің қаржысын мақсатты және тиімді жұмсалыуына қоғамдық бақылауды жүргізуге;

- осы Келісімнің мақсаттары мен міндеттерінен туындайтын ақпаратпен алмасуға ниет білдіреді.

4 Бап

1. Осы Келісім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.
2. Осы Келісімге түзетулер Тараптардың жазбаша келісімімен енгізілуі мүмкін.
3. Бір Тарап екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жіберу жолымен Келісімнен шыға алады және екінші Тарапқа мұндай хабарлама жіберілген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткеннен кейін Келісімнен шықты деп есептеледі.
4. Осы Келісім қазақ және орыс тілдерінде екі данада, әр Тарап үшін бір-бір данадан, жасалды.

Қостанай облысының
әкімі



Н.Сәдуақасов

«ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа
қарсы жалпы ұлттық қозғалысы»
РҚБ Төрағасы



Ә.Әбдікәрімов